



МҰРДАВ- ҚАЗАЛЫ

№97
(2372)
Сенбі

6 желтоқсан
2025 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

МӘЖІЛІСТЕ ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІН ДАМУЫ МЕН БІРҚАТАР МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ

Өндеу өнеркәсібін дамыту және цифрландыру мәселесі жөнінде облыс әкімінің міндетін атқарушы Данияр Жаналиновтің төрағалығымен мәжіліс өтті. Оған аудан әкімі Алмасбек Есмаханов бейнебайланыс режимі арқылы қатысты.

Мәжілістен кейін аудан әкімінің төрағалығымен өткен жиында өндеу өнеркәсібін дамыту және цифрландыру, өзге де мәселелер кеңінен талқыланып, жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктелді.

-Ауданымызда өндірісті цифрландыру бойынша «РЗА-Асыл Түлік» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Еуропаның озық технологиялық құрал-жабдықтарымен жабдықталып, сағатына 5000 тонна күріш өңдейтін «Рза-Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен «Жанкент-Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде шикізатты қабылдау, сұрыптау, кептіру және қаптауда заманауи электронды басқару жүйелері енгізіліп, өндірістің тиімділігі арттырылуда. Бұдан бөлек, «Қазалы» кәмпіті» цехы өндірісін авто-



маттандыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізуде.

Жалпы, өндеу өнеркәсібін цифрландыру арқылы ауданымыздағы өндірістің көлемі артып, шығындары қысқарып, экспорттық әлеуетіміз жоғарылайды. Осыған сәйкес, цифрлық технологияларды өндіріске енгізіп отырған кәсіпорындармен тұрақты түрде жұмыс жүргізіп, оларды қолдау тетіктерін қарастыру қажет және аудандағы өндеу өнеркәсібінің көлемін барынша арттырып, жыл қортындысымен оң

көрсеткіштерге жету үшін нақты әрі жедел шаралар қабылдауды тапсырамын, - деді Алмасбек Әбілқасымұлы.

Мәжілісте күн тәртібінен бөлек, ағымдағы жылдың 11 айында тұрғындарды жұмыспен қамту бағытында атқарылған жұмыстардың есебі тыңдалды.

Тұрғындарды жұмыспен қамту халықты әлеуметтік тұрғыдан қорғаудың маңызды бағыты екенін айтқан аудан әкімі жұмыспен қамту көрсеткіші бойынша бекітілген жылдық жоспарды 100 пайыз орындап, оған

байланысты барлық шараларды қабылдау қажеттігін ескертті.

Сондай-ақ, жұмыспен қамту мәселесіне байланысты «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы бойынша 11 айда жұмысқа орналасу көрсеткіші төмен екенін айтып, көрсеткішті толық орындамаған ауыл әкімдерін қатаң сынға алды.

Мәжілісте аудан басшысы мемлекеттік сатып алу жұмыстарында орын алған кемшіліктер, қоғамдық-саяси ахуал, азаматтарды күзгі мерзімді әскери қызметке шақыру және Мемлекет басшысының тапсырамасы негізінде қолға алынған «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясындағы жұмыстардың орындалуы бойынша қала, кент және ауылдық округ әкімдері мен жауапты сала басшыларына кемшіліктерді шұғыл қалпына келтіру, бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі жүргізу жөнінде қатаң тапсырма берді.

Сонымен қатар, мәжілісте берілген әрбір тапсырманың өз деңгейінде орындалуы қатаң бақылауында болатынын жеткізді.

●Хабарландыру

2025 жылдың 11 желтоқсаны күні сағат 16:00-де аудандық мәслихаттың кезектен тыс XXXXVI сессиясы шақырылады.

Сессияның күн тәртібінде «2025-2027 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Қазалы аудандық мәслихатының 2024 жылғы 23 желтоқсандағы шешіміне өзгерістер енгізу туралы мәселе қаралады. Сонымен қатар, сағат 15:00-де аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өткізіледі.

2025 жылдың 12 желтоқсаны күні сағат 16:00-де аудандық мәслихаттың кезектен тыс XXXXVII сессиясы шақырылады. Сессияның күн тәртібінде «2025-2027 жылдарға арналған аудандық маңызы бар қала, кент, ауылдық округ бюджеттері туралы» Қазалы аудандық мәслихатының 2024 жылғы 27 желтоқсандағы шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы мәселе қаралады. Сонымен қатар, сағат 15:00-де аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өткізіледі.

Қазалы аудандық мәслихатының аппараты

АУДАН ӘКІМІ ОБЛЫСТЫҚ ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТІ БАСШЫСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов ауданға арнайы жұмыс сапарымен келген Қызылорда облысы полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары, полиция полковнигі Серік Әбдімәуленұлы Тоқтыбаевпен кездесті.

Кездесу барысында аудан көлеміндегі құқықтық ахуал, қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу, қоғамдық тәртіп пен тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы атқарылып жатқан жұмыстар жан-жақты талқыланды.

Сонымен қатар, жергілікті атқарушы органдар мен құқық қорғау органдары арасындағы өзара іс-қимылды одан әрі жетілдіру, халықпен тығыз жұмыс жүргізу және тәртіп сақшыларының материалдық-техникалық базасын нығайту мәселелері де сөз болды.

Аудан басшысы құқық қорғау саласының айрықша жауапкершілік жүктейтінін атап өтіп, аудан тұрғындарының тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі полиция



қызметкерлерінің қажырлы еңбегіне ризашылығын білдірді.

Кездесу соңында Серік Әбдімәуленұлы алдағы уақытта бірлескен нәтижелі жұмыстардың өз жалғасын тауып, одан әрі жан-

дана беретініне сенім білдірді. Сонымен қатар, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы мен тұрғындардың әл-ауқатын арттыру бағытындағы істерге сәттілік тіледі.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР АРАСЫНДА ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТКІЗІЛДІ

Қазақтың қанында бар қасиет ұрпақтың жадынан ешқашан өшпейді. Қолда барымен бөлісу, өзгеге көмектесу де адамшылықтың, кісіліктің көрінісі.

Әрине, сауапты іспен айналысу дұрыс нәрсе. Тіпті, бүгінгідей сәтте көмекке зәру жандар көп. Сондықтан да, өңірде мемлекеттік қызметшілерді жақсы іске тарту, сол арқылы ұлттың болмысында ғасырлар бойы қалыптасқан қайырымдылық қасиеттерін насихаттау мақсатында бүгінде департамент тарапынан тиісті жұмыстар атқарылуда.

Атап айтқанда, 2025 жылдың 15 қарашасында «Таза Қазақстан» республикалық шарасы аясында Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ерікті студенттері мен жас мемлекеттік қызметшілер бірлескен экологиялық акция өткізіп, қаладағы ботаникалық саябақ аумағын қоқыстан тазартты.

Шараның мақсаты – қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыру, табиғатқа жанаршылық таныту және жастардың әлеуметтік жауапкершілігін арттыру. Акция барысында қатысушылар тарапынан пластик, тұрмыстық қалдықтар және түрлі қоқыс түрлері сұрыптап жиналып, экологиялық жауапкершілікті насихаттап, демалушыларға тазалықты сақтау бойынша үндеу жасады.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің өкілдері жастардың белсенділігі мен үлесін ерекше атап өтіп, осындай шаралардың қоғамға үлкен пайда әкелетінін жеткізді.

Бұдан бөлек, өңірдегі барлық қала және аудандардың әкімдіктері тарапынан еріктілерді тарта отырып, экологиялық акцияларға қатыстырып, ардагерлерге көмек көрсету шаралары ұйымдастырылды.

Мысалы, Қызылорда қаласының әкімдігімен 2025 жылдың қазан-қараша айларының аралығында волонтерлердің (еріктілер) қатысуымен «Таза ел – жарқын болашақ: жастардың экологиялық мәдениеті» атты кездесу жиыны және «Ардагерге құрмет» акциясы шаралары ұйымдастырылды. Сонымен қатар, қала жастарының қатысуымен тұрақты сенбілік жұмыстары өткізіліп келеді.

Жаңақорған ауданының әкімдігімен 2025 жылдың қазан-қараша айларында Хорасан ата кесенесі аумағында тазалық жұмыстары жүргізілді. Еріктілер мен ауыл жастарының қатысуымен кесене айналасын қоқыстан тазарту, абаттандыру шаралары ұйымдастырылды.

Ардагерлер үйіне бару және қолғабыс көрсету акциясы өтті.

Еріктілер ардагерлерге қажетті көмек көрсетіп, тұрмыстық және әлеуметтік қолдау шараларын

жүзеге асырды.

«Таза Қазақстан» тұжырымдамасы аясында экологиялық іс-шаралар ұйымдастырылды. Аудан жастары табиғатты қорғау, экологиялық мәдениетті арттыру мақсатында ағаш отырғызу, қоқыс жинау және экологиялық түсіндірме жұмыстарын жүргізді. <https://www.facebook.com/share/r/14U9coH4318/?mibextid=wwXlfr>

25 қазан – Республика күні мерекесіне орай «Жанашыр жүрек» қайырымдылық акциясы өткізілді. Әлеуметтік осал топтағы тұрғындарға азық-түлік және қажетті заттар табыстады. Арал ауданының әкімдігімен 2025 жылдың 15 қазанында «Волонтерлік — ізгілікке қадам» атты волонтерлік қозғалысқа кіріспе сабағы өтті.

Сабақ барысында жастар волонтерлік қызмет туралы нақты мағлұмат алып, түсініктерін кеңейтті. Волонтерлік — бұл кез келген ортада жүректен шыққан қайырымды істердің ортақ тілі. Ол әлемнің түкпір-түкпіріндегі адамдарды жақсылық жасауға біріктіретін үлкен жүрек қозғалысы. «Волонтер» деген ұғым мейірімділік пен жанашырлықтың бүкіл әлемге ортақ белгісі болып табылады.

Кездесу барысында болашақ волонтерлер Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 30 желтоқсандағы «Волонтерлік қызмет туралы» Заңымен, волонтерліктің негізгі үш қағидасымен және бағыттарымен танысты. Сондай-ақ, қазіргі қоғамда жиі кездесетін қате түсініктерді талқылай отырып, волонтерлікке не жатпайтынын анықтады. Сонымен бірге, қатысушылар волонтерліктің қоғамдағы рөлін айқындап, оның құқықтық негіздерімен де танысты.

Сабақтың келесі бөлімінде жас ұлан көшбасшылары эмоциялық интеллектті дамытуға арналған қызықты жаттығулар орындап, бір-бірімен жылы қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік алды. Олар өз эмоцияларын басқаруды және өзгелердің сезімін түсінуді үйренді.

Ал, «Арманымызды ұшырайық» атты шығармашылық ойында әр қатысушы өз арманын қағаз ұшаққа жазып, биікке ұшырды. Бұл әрекет еріктіліктің басты мақсаты — ізгі ниет пен биік арманды бейнеледі.

Мұндай үлгі тұтарлық игі шараның басты шарты – жастар тәрбиесінде атқарылып жатқан жұмысты жандандыру, елімізде салауатты өмір салтын жақсарта түсуге үлес қосу болып табылады. Алдағы уақытта осындай науқандар жалғасын тауып, мемлекеттік қызметшілер еріктілер ісіне өз үлестерін қоса беретін болады.

Т.НУРТАЕВ,
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің
Қызылорда облысы бойынша
департаментінің мемлекеттік
қызмет саласындағы бақылау
басқармасының басшысы

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕГІ ӘДЕП – ҚОҒАМДЫҚ СЕНІМНІҢ НЕГІЗІ

Қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімі ең алдымен мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлқы мен кәсіби мәдениетіне байланысты. Мемлекеттік саясатты тиімді іске асыру, халыққа сапалы қызмет көрсету және мемлекеттік аппараттың беделін сақтау – бүгінде әр мемлекеттік қызметшіден жоғары жауапкершілік пен этикалық өреде болуды талап етеді. Осы бағытта Қызылорда облысында 2025 жылдың қазан-қараша айларында мемлекеттік қызмет, қызметтік әдеп және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелеріне арналған кең көлемді түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Бұл шаралар ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті тарапынан ұйымдастырылып, өңірдегі түрлі деңгейдегі мемлекеттік органдарды, еңбек ұжымдарын және жастар аудиториясын қамтыды.

Мәселен, департамент пен облыс әкімдігінің бірлескен онлайн мәжілісі өткізіліп, жергілікті атқарушы органдар мен аумақтық бөлімшелердің басшылары, әдеп жөніндегі уәкілдер және кадр қызметі мамандарының қатысуымен мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын сақтау мәселелері талқыланды. Департамент басшысы Е.Мендалиев мемлекеттік қызметті өткеру талаптары, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тәсілдері және әдеп талаптарын бұзуға жол бермеудің маңыздылығын түсіндіріп, аймақта орын алған жекелеген бұзушылықтарға тоқталды. Ол діни нанымдарды мәжбүрлеп таңуға жол бермеу, ойын мекемелеріне барудан бас тарту, сондай-ақ қызметтік теңдік қағидатын сақтаудың аса маңызды екенін атап өтті. Сонымен қатар, мереке күндері мемлекеттік қызметшілердің көпшілік алдындағы мінез-құлқына ерекше назар аудару қажеттігін айтып, ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалды жақсартып жүрген қызметкерлерді көтермелеу шараларын қарастыруды ұсынды.

Қазан айында облыстағы мемлекеттік органдардың әдеп жөніндегі уәкілдері мен кадр қызметтеріне арналған семинар ұйымдастырылып, қатысушыларға қызметтік әдеп нормаларын ұстану, мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулерді сақтау және іскерлік этикеттің рөлі туралы кеңейтілген түсіндірме берілді. Сондай-ақ, сауалнамаларды формальды түрде толтырмау, ұжымдағы әділдік пен өзара сыйластыққа негізделген қарым-қатынас қалыптастыру қажеттігі айтылды.

Сондай-ақ, Департамент тарапынан университет студенттеріне арналған «Ашық есік күні» өткізіліп, жастарға мемлекеттік қызмет жүйесі, жаңа іріктеу тәртібі, мансаптық мүмкіндіктер мен мемлекеттік басқарудың ашықтық қағидаттары таныстырылды. Студенттер облыс әкімдігі ғимаратындағы негізгі залдармен танысып, мемлекеттік қызметтің маңыздылығы туралы қосымша түсінік алды. Департамент басшысы жастарды ел игілігі жолында қызмет етуге шақырып, болашақ мамандарға сенім артатындығын жеткізді.

Қараша айында да бұл бағыттағы жұмыстар тоқтаған жоқ. Облысымыздың жергілікті атқарушы органдары мен орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінде өткізілген семинарларда мемлекеттік қызметшілердің ресми мінез-құлық стандарттары, діни бірлестіктерге мәжбүрлеп қатыстыруға жол бермеу, құмар ойындарға бару шектеулері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды сақтау мәселелері талқыланды.

Жалпы алғанда, 2025 жылдың қазан-қараша айлары аралығында өткізілген іс-шараларда мемлекеттік қызметшілердің құқықтық сауаттылығын арттыруға, әдеп нормаларын терең меңгеруіне, кәсіби мінез-құлық мәдениетін нығайтуға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алуға бағытталды. Бұл кешенді жұмыстар мемлекеттік органдардың ашықтығын қамтамасыз етіп, қызметшілердің өзіне де, жалпы мемлекеттік аппаратқа да деген қоғамдық сенімнің артуына үлес қосады. Мемлекеттік қызметші үшін адалдық пен әділдікке негізделген қызмет мәдениетін қалыптастыру – қоғам алдындағы ең маңызды міндеттердің бірі екені айқын.

Т.НУРТАЕВ,
ҚР Мемлекеттік қызметтік
қызмет істері агенттігі
Қызылорда облысы бойынша департаментінің
Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау
басқармасының басшысы

ЖАНҚОЖА БАБАНЫҢ ТЫЛСЫМДАРЫ

Екі кештің арасында Қызылқұм беткейінде "пәлен" деген атақты «бай» көшкелі жатыр" деген тыңшыдан суық хабар келді. Ішкі істер бөлімінің қызметкерлері: Ықылас пен Ойнардың басшылығымен Жалғасбай, Көзтай, Өтемұрат үшеуі жедел атқа қонды.

Қуғыншы топ суыт жүріп отырып Үшөткелде қашқан көштің сүрлеуіне кезікті. Көштің сүрлеуі енді бұларды адастырмай-тыны анық еді.

Аттарының айылын босатып, өздері сәл тақым жазып, атқа қайта қонғанда күн "тұсау бойы" көтеріліп қалған. Жолға шыдамды, жүріске мықты жануарлар бөкен желісті үдете түскен.

- Уақыт өткен сайын сүрлеуіміз жаңарып, жас мал тезектері жақындай түскенімізді сездіреді. Екіндіге жеткенде көш қарасын көрдік,- дейді Жалғасбай. - Ықылас пен Ойнар бізден оқ бойы озып кеткен. Біз сайға түскенде қашқын көш көз ұшында биік жотаға асылып бара жатты.

Кенет Жалғасбайдың құлағына "Әй, балам, қайт кейін" деген дауыс шалынады. Ізінше жер бетін тұман басып, бұлар аяқ астын көруден қалып, еріксіз аттан түседі Жалғасбай әлгінде естіген сөздерін серіктеріне айтқанда, Өтемұрат: бұның арақ ішетінін меңзеп күлкі қылады. Көзтай болса мына тосын оқиғаның тегін емес екенін аңдаған. Оның үстіне осы маңайда Жанқожа бабаның бейіті бар, бұл тегін емес, көшті қууды тоқтату керек,- дейді.

Көзтай батыр інісі Жалғасбайға барлай қарады. Бұлар осы тоқтамға келгенде Өтемұрат іштей қарсы болғанымен амалсыз мақұлдады. Себебі екі жігіттің мысы басып тастаған-тұғын.

Бұлар осылай сөз байласып алдағы екеуге жеткенде олардың "жынынан айырылған бақсыдай" тұманда дел-сал күй кешіп, сандалып тұрғанын көріп, Жалғасбай Ойнарға "әй, әкеңнің аузын пәлен қылайын, бізге жеткізбей кеткенде жеткен көшің, кәне",- деп жиендігін есіне салып өктем сөйлеп, ары қарай көш соңынан қумайтындарын естіртті.

Ықыластың атам-шабам деген ескертуі, Ойнардың елге барсам соттатам деген дөң айбаты бұлардың айылын жиғыза алмаған. "Ә" десе "Мә" дегелі тұрған қасқыр мінезді қос жігітке Ықыластар "бетпақ жеңді, байғұс көнді" деген сыңай танытып, ендігі сапар барысын Жалғасбайдың билігіне амалсыз беріп еді. Әрі ертең олжасыз оралған бұларды Жалғасбайдың бір сылтау тауып арашалап алатынына сенген.

Осы сәттен бастап сапар тағдыры

Жалғасбайдың құзырына ауысты.

Кенет күн шайдай ашылды, әудем жерде Жанқожа бабаның бейіті қарауытып көрінеді.

Бұлар дәрет алып, Баба бейітіне жаяулап аяңдағанда Өтемұрат ат үстінде келе жатқан. Зират етегіне жетіп, құран бағыштауға ниеттенгенде ғана Өтемұраттың әлі ат үстінде тұрғаны бұларға ерсі көрінген, әрине бұлай тұру Ислам шартына қайшы, мұсылманға жат әдет. Байқаса Өтемұратты өз әлемінен тыс өзгеше бір күштің игеріп тұрғанын сезген бұлар, қол-аяғы сырылып, қара терге малшынып, көзі қанталаған Өтемұратты ат үстінен әрең түсіреді.

Бүгінгі беймәлім күштен қорқып қалған қуғыншы топқа мына жағдай "қан сыртынан жұдырық" болып тиді. Баба бейітінің басына келіп зираттап, білген дұғасын оқып, мұң-мұқтажын айтып, Алладан кешірім, баба әруағынан араша сұрап, үрей мен үміт жетегінде сол түні түнеп шықпаққа Бабаның тілеуханасына қарай беттеді.

Сол түні Жалғасбайға аян түс беріледі.

- Бесеуіміз бір қария кісінің алдында қатар тұр екенбіз, әлгі кісі қолыма қос ұңғылы мылтықты ұстатып жатып, бірақ сол ұңғысы сәл нашарлау деген,- деді Жалғасбай. - Осы сәтте, Көзтай әлгі кісіге, "менің бас киімім, аяғымда етігім, ізімде избасарым жоқ",- деп мұңын шаға бастайды. Ол Көзтайға: "Сен шырағым анау етекке барып қайта ғой, басқа да мұтажың орындалар",- депті. Ал, Өтемұратқа, қайтарылмайтындай қарғыс алыпсың деген екен. Ықыласқа қарап:- Халыққа көп қиянат жасап, қарғысына қаласың, келе болмайсың деген сыңай танытты. Ойнарға: "Сен, мынаның ықпалымен жүрген байғұс екенсің, артың оңалып кетер",- деп ғайып болған дейді.

Оянса, уыз күн ұясынан шығып келеді екен.

Бұл оқиға сонау қаралы 37-ші нәубет жылдары болған. Содан бері ғасырға жуық уақыт өтті.

2024 жылдың күз айы. Оқиға кейіпкері Жалғасбайдың баласы Шарапи ақсақалдың үйіндеміз. Бүгінгі таңда Басықара елді мекенінде үш ұлының ортасында немере қызығына көміліп отырған Жалғасбай ұлы Шарапи ақсақалдан оқиға желісін өз сөзімен түйіндетуді жөн көрдік.

- Ақсақал, аян түстің ақиқатын айтсаңыз дедік.

Қайратты болғаны түр әлпетінен білініп тұрған, сексеннен асқан қой көзді, қоңыр жүзді ақсақал жүзі шырайланып бізге шай алдырып отыруымызды және бір ескертіп,

әңгімесіне қайта оралды.

- Әкем Жалғасбай сол сапардан оралған соң, "Әй, балам, қайт кейін" деген дауыстың тегін естілмегенін ескеріп, араға адам салып жұмысынан шыққан. Шешем марқұмның айтуы бойынша әкем марқұм осы оқиғаны өмірден өткенше айтумен, Баба рухын ұлықтаумен өтіпті.

Ұзамай дүниеге мен келгенмін. Ал, аяндағы мылтықтың сол ұңғысы нашарлау дегенінің сыры менен кейін шешем қыз балалы болған. Алайда жастай шетінеп кеткен көрінеді.

- Көзтайдың тағдыры ше дедік біз асығыстық жасап. Шарапи ақсақал әуелі күліп алды.

- Тілеуханадан түнеп шыққан түні таңертең Көзтай үй іргесінен ұзап, бір төбе асса, басы тышқан ініне кіріп кеткен алтайы қызыл түлкінің үстінен түсіп, соғып алыпты. Сүйтіп алғашқы тілегі сол күні орындалған. Кейін жақсылықпен өсіп-өнген. Өтемұраттан бір қыз қалған, Ақтөбе жақта өмірден өтті. Ықыластың жалғыз баласы көзі тірісінде қайтыс болды. Артында тұқым қалған жоқ.

Бүгінде ел арасында Ықыластың зорлық-зомбылығы әр жерде әлі айтылып жүр. Ойнарда өсіп - өніп кеткен, ұрпақ жалғастығы бар,- деп сәл тыныстаған Шарапи ақсақал

Тіршілікте алғыс пен қарғыстың, сауаптың сан қилы сыры бар екенін тілге тиек еттік. Әңгіме барысында «тек» деген нәрсенің тегін емес екендігін ұғындық. Баба рухын ұлықтадық. Оқиға барысында есімі аталғандарға «тие берсін» айтып Шарапи ақсақалмен риясыз қоштастық.

Жанқожа, қазақтың әрі батыры, әрі әулиесі, киелі тұлғасы. Бұл өңір /Сыр бойы/ тектілер жатқан киелі мекен. Қорқыт, 90 түйе отынды үстіне үйіп өртегенде от тимей шыққан Мүсірәлі. Дәрияның арғы бетіне ағаш үйді жасауымен көшірген Дәулет бақсы. Оқ өтпейтін Өтеш қожа. Көкілташтың соңғы шәкірттерінің бірі, жын әлемінің сырын білетін Қарамолда ата, басқада тылсым күштің кілтін тапқандар өте көп.

Біз сан ғасырдан бері дәстүрге бай, діл мен дініне берік, әдеп ғұрпы қалыптасқан халық едік.

Жанқожа бабамыз орысқа қарсы атқа қонғанда, осы көл-көсір қадір қасиетімізді арамға араластырмау үшін, жатқа қорлатпау үшін, жаманға сатпау үшін күреспеп пе еді.

Бүгінде Баба бейітіне зират етушілер жылдан-жылға көбейіп келеді. Баршаңызға Баба рухының үдесінен шығатындай тазалықпен әділдік, амандық нәсіп еткей!

Әуезхан ӨТЕГЕНОВ,
Қызылорда қаласы

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР – ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ НЫШАНДАРЫ

Мемлекеттік рәміздер – кез келген елдің егемендігін, тәуелсіздігін, тарихы мен рухын бейнелейтін маңызды құндылықтар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері халқымыздың сан ғасырлық мәдениеті мен мемлекеттілігінің айқын көрінісі болып табылады. Олар – ұлттық бірлікті нығайтатын, азаматтардың отаншылдық сезімін оятатын қасиетті белгілер.

Ту

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы – көгілдір түсті тікбұрышты мата. Оның ортасында алтын түсті күн бейнесі орналасқан, күннің астын-

да қалықтаған қыран құс бар. Тудың сол жағында ұлттық ою-өрнек – «қошқар мүйіз» өрнегі тігінен бейнеленген.

Көгілдір түс – бейбітшілік пен ашық аспанның, бірлік пен тазалықтың белгісі. Ал күн – өмір мен энергияның нышаны. Қыран құс – еркіндікке, биік мақсатқа және тәуелсіздікке ұмтылуды білдіреді. Ұлттық өрнек халқымыздың бай мәдени мұрасын көрсетеді.

Елтаңба

Қазақстан Республикасының Елтаңбасы – шеңбер пішініндегі рәміз. Оның ортасында киіз үйдің шаңырағы бейнеленген, ал екі жағында қанатты тұлпарлар орналасқан. Жоғарғы

бөлігінде бес бұрышты жұлдыз, төменгі жағында «QAZAQSTAN» жазуы бар.

Шаңырақ – ортақ үй, ортақ тағдыр символы. Ол еліміздегі барлық этностардың бірлігін білдіреді. Қанатты тұлпар – мифологиялық бейне, ол елдің рухани байлығын, батырлығын, болашаққа ұмтылған жоғары мақсатын айқындайды. Жұлдыз – биік мұрат пен ашық болашақтың белгісі.

Гимн

Мемлекеттік Гимн – ел азаматтарының Отан алдындағы патриоттық сезімін айшықтайтын әнұран. Қазіргі Гимннің сөзі – Жұмекен Нәжімеденов пен Нұрсұлтан

Назарбаевқа, ал музыкасы Шәмші Қалдаяқовқа тиесілі. Гимн тәуелсіз Қазақстанның рухын, елдік мұратын, халықтың ынта-жігерін бейнелейді.

Мемлекеттік рәміздер – Ту, Елтаңба, Гимн – Қазақстанның басты құндылықтарының бірі. Олар біздің тарихымызды, мәдениетімізді, тәуелсіздігімізді және ұлттық болмысымызды әлемге танытады. Әрбір азамат үшін мемлекеттік рәміздерге құрмет – Отанға деген сүйіспеншіліктің көрінісі.

Күлпараш УРАЗАЛИЕВА,
Қазалы аудандық соты
әкімшісінің
жетекші маманы

СЫР Өңірінде "ГАЗБАЛЛОН" АКЦИЯСЫ ӨТКІЗІЛДІ

Ағымдағы жылғы 1-5 желтоқсан аралығында республика көлемінде "ГАЗБАЛЛОН" акциясы өткізілді. Осы ретте Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаментінің мамандары тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, газ баллондарды тұрмыста қауіпсіз пайдалану ережелерін насихаттады. Газбен улану мен өрттің алдын алу үшін төмендегі қарапайым қауіпсіздік талаптарын сақтау маңызды: Газ баллондарды күн сәулесі тікелей түсетін немесе жылыту құрылғыларына жақын жерге қоюға болмайды; Баллондар тек арнайы рұқсат етілген бекеттерде толтырылуы тиіс; Тозығыжеткен, мерзімі өткен баллондарды қолдануға болмайды;

ГАЗ БАЛЛОН ҚОЛДАНУ КЕЗІНДЕ
ӨЗІҢІЗДІ ЖӘНЕ ЖАҚЫНДАРЫҢЫЗДЫҢ ӨМІРІНЕ ҚАУІП ТӨНДІРМЕҢІЗ



**ГАЗ БАЛЛОНДЫ
ГАЗ ҚҰЮ БЕКЕТТЕРІНДЕ
ТОЛТЫРУҒА
ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ!**

Себебі газдың көлемін дәл бақылау мүмкін емес, артық қысым жарылысқа алып келеді!



**ГАЗ БАЛЛОНДЫ
САЛҚЫН АУА РАЙЫНАН
ДЕРЕУ ЖЫЛЫ ЖЕРГЕ
ҚОЮҒА БОЛМАЙДЫ!**

Себебі газ тез ұлғайып, баллон ішіндегі қысым артады, бұл жарылысқа алып келеді!



**АВТОКӨЛІКТЕГІ
ГАЗ БАЛЛОНДЫ ТЕК
АРНАЙЫ МАМАНДАРҒА
ТЕКСЕРТІҢІЗ!**

Себебі ақауы бар баллондар жарылыс қаупін тудырады!

ӨЗІҢІЗДІ ЖӘНЕ ЖАҚЫНДАРЫҢЫЗДЫ САҚТАҢЫЗ!

ШҰҒЫЛ ҚЫЗМЕТТЕР
ТЕЛЕФОНЫ: **101** өртке қарсы қызмет **104** апаттық газ қызметі **112** құтқару қызметі

Газ иісі байқалған жағдайда, мамандарға хабарлау қажет; Баллон орнатылған үй-жайда, үй-жайды желдетіп, жайларда үздіксіз желдету

қамтамасыз етілуі керек; Пеш немесе плиталар қосылғанда оттың жануын бақылау қажет, жалын сөніп қалса – газ жиналып, жарылыс қаупі туындайды; Автокөліктерге газ орнату жұмыстарын тек арнайы мамандарға тапсырыңыз және арнайы рұқсат белгісінің болуын қамтамасыз етіңіз;

Газ қондырғысы орнатылған автокөліктердің паркингтерде, жабық және жер деңгейінен төмен орналасқан тұрақтарда орналастыруға тыйым салынады.

Құрметті тұрғындар! Газ — ыңғайлы әрі үнемді, бірақ қауіп төндіруі де мүмкін. Сондықтан қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтаңыз! Төтенше жағдай туындаған жағдайда 101 немесе 104 нөмірлеріне хабарласыңыз.

САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫЛАРДЫ ҚАЙТА РЕСІМДЕУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы ҚР ДСМ-336/2020 бұйрығымен бекітілген

«Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыларды беру бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларының» (бұдан әрі – Қағидалар) 33-тармағына сәйкес, санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны (бұдан әрі – СЭҚ) нысанды тексеру жүргізбей қайта ресімдеу келесі жағдайларда көзделген:

- 1) құжатта қателердің (баспа қателерінің) анықталуы;
- 2) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 45-бабына сәйкес заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру;
- 3) объектінің нақты орнын ауыстырмай, мекен-жайының өзгеруі;
- 4) заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің атауының өзгеруі;
- 5) объектінің мақсаты, қызмет түрі, технологиялық процесі, қуаты мен құрылымдық сипаттамалары өзгермеген жағдайда, жұмыс істеп тұрған объектіні басқа тұлға меншігіне алған кезде.

Маңызды:

Объекті жалға (немесе сенімгерлік басқаруға) берілген жағдайда санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны қайта ресімдеу көзделмеген. Қайта ресімдеу тек меншік құқығы басқа тұлғаға өткен кезде ғана жүзеге асырылады.

СЭҚ қайта ресімдеу үшін келесі құжаттар ұсынылады:

- белгіленген нысандағы өтініш (Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес);

- тиісті өзгерістерді растайтын құжаттар (сатып алу-сату, сыйға тарту шарты, қайта ұйымдастыру туралы құжат, мекен-жай немесе атау өзгерісі және тағы басқа)

- Қағидалардың 2-5-тармақтарында көрсетілген жағдайларда.

Жеке кабинетте СЭҚ қайта ресімдеу функционалы болмаған жағдайда, www.elicense.kz порталы арқылы жаңа өтініш беру қажет. Ол үшін келесі бөлімдерді таңдау керек: «Денсаулық сақтау» – «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру». Одан кейін жүйеде міндетті өрістерді толтырып, қажетті құжаттардың орнына Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес өтініш нысанын және тиісті өзгерістерді растайтын құжаттарды тіркеу қажет.

Егер www.elicense.kz ақпараттық жүйесі осы жағдайға қатысы жоқ құжаттарды сұратқан жағдайда, жүйеде өтініш беру рәсімін аяқтау үшін бос (скан-көшірме түріндегі) файлдарды тіркеуге рұқсат етіледі.

Айгерім ОҒАРҚЫЗЫ,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының қызметті жоспарлау және талдау бөлімінің жетекші маманы

АКЦИЯ ӨТКІЗІЛУДЕ

Елімізде жыл сайын әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенция ережесіне сәйкес, жыл сайын 25 қарашада Халықаралық әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық көрсетуді жою күні атап өтіледі.

Осыған сәйкес, Республика көлемінде жыл сайын 25 қараша – 10 желтоқсан аралығында «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн белсенді іс-әрекет» акциясы өткізіледі.

Акцияның негізгі мақсаты – халықтың кең тобын әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты әшкерелеуге, алдын-алуға, ана мен баланы қорғауға, қоғамдағы отбасының рөлін күшейтуге, құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған және қабылданып жатқан шаралар туралы таныстыру болып табылады.

Қазіргі таңда жүргізілген шаралардың нәтижесінде қоғамда әйелдердің құқықтық сауаттылығы артты, олар өз кезегінде өздеріне қажетті көмек шараларын ала алады. Ағымдағы жылы Қазалы ауданы полиция бөліміне жанұя жанжалы жөнінде 190 хабарлама келіп түсіп, нәтижесінде отбасылық тұрмыстық қатынастар аясында 10 қылмыстық теріс қылық, ҚР ӘҚБтК-нің 73 ба-

бымен (отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер) 107 азамат әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны анықталып, есепке алынып, тиісті шаралар қабылданды. Жанұя жанжалын шығарған тұлғалар «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу туралы» ҚР Заңының 20-бабына сәйкес қорғау нұсқамасы есебіне алынып, бақылау жұмыстары жүргізіледі. Отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобымен жанұя жанжалы орын алған 2 отбасыға психологиялық көмек көрсетілді.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық психологиялық қысым көрсетуден бастау алып, күш көрсету әрекетіне ұласып, қылмысқа ұласатын созылмалы әрекет болып табылады. Бұл дер кезінде полицияның көмегіне жүргінуді қажет етеді. Зорлық-зомбылық дерегі орын алған жағдайда 102 телефонына қоңырау шалыңыз!!!

Сәуле БИШЕКОВА,
Қазалы ауданы полиция бөлімі Қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің Отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының инспекторы, полиция капитаны

Меншік иесі: «ТҰРАҢ-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер - 2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11277 дана.